

2013 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Шалқар аудандық әкімдігінің 2013 жылғы 22 тамыздағы № 190 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 4 қыркүйекте № 3643 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Шалқар аудандық әкімдігінің 2013 жылғы 28 желтоқсандағы № 308 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Шалқар аудандық әкімдігінің 28.12.2013 № 308 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31-бабы 1-тармағының 19) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңының 6-бабы 4-тармағының 8-1) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 28 мамырдағы «Балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтамасыз ету жөніндегі 2010-2014 жылдарға арналған «Балапан» бағдарламасын бекіту туралы» қаулысына сәйкес Шалқар ауданының әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. 2013 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері осы қаулының 1, 2, 3 қосымшаларына сәйкес бекітілсін.
2. Шалқар қаласы мен ауылдық округінің әкімдері осы қаулыдан туындайтын тиісті шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Д. Қарашолақоваға жүктелсін.
4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа еңгізіледі.

<i>уақытша атқарушы</i>	<i>Аудан әкімінің міндетін</i>
Шалқар ауданы	<i>С. Көпенов</i>
жылғы 22 тамыздағы	әкімдігінің 2013
қаулысына 1-қосымша	№ 190

2013 жылғы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы

№	Аудан атауы	Мемлекеттік білім беру тапсырысы есебінен мектепке дейінгі ұйымдарда балалар саны (адам)
1	Шалқар ауданы	140
	Жиыны	140

Шалқар ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 22 тамыздағы № 190 қаулысына 2-қосымша

2013 жылы бір айдағы жан басына шаққандағы қаржыландыру көлемі

Бір тәрбиеленушіге жұмсалатын шығыстардың орташа құны (теңге)	Мектепке дейінгі ұйымдар					
	Балабақшалар (бөбек балабақша, орталықтар)			Шағын орталықтар		
				Балалар жарты күн болатын	Балалар толық күн болатын	
	Экологиялық апат аумақтарында тұрғаны үшін коэффициентін есепке алғанда 1,5					
	Қалалық жерде орналасқан	Ауылдық жерде орналасқан	Қалалық жерде орналасқан	Ауылдық жерде орналасқан	Қалалық жерде орналасқан	Ауылдық жерде орналасқан
	28237	33035	7708	9457	16116	19474

Шалқар ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 22 тамыздағы № 190 қаулысына 3-қосымша

2013 жылы 1 тәрбиеленушіге күніне ата-ананың ақы төлеу мөлшері

Мектепке дейінгі ұйымға ұстауның мөлшері (теңге)	Мектепке дейінгі ұйымдар		
	Балабақша (бөбек-балабақшалар, орталықтар)		Балалар толық күн болатын мектепке дейінгі шағын орталықтар
	Ұйымдарда болу ұзақтығымен		
	9-10, 5 сағат	12 сағат	
	300	350	300

Ескертпе: 1 тәрбиеленушіге бір күнге ата-ананың ақы төлеу мөлшері 350 теңгеден артық емес.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ